

Бекітемін:

№32 «Қуаныш» балабақша мені оғуына

Лекерова Р.А.



Психологиялық қызметтің педагогтарға арналған жоспары

2025-2026 оқу жылы

№	Іс-шаралар	Жұмыс бағыты	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Орындау нысаны	Жауапты
1	«Жаңа ортаға бейімделу»	Профилактикалық және ағарту	Педагогтар	Жыл бойы	Хаттама	Жолаушыбаева Л.А.
2	Балабақшадағы балаларды бейімдеу бойынша педагогтарға кеңестер мен ұсыныстар беру	Кеңес	тәрбиешілер	Қыркүйек	Хаттама	Жолаушыбаева Л.А.
3	Педагогтардың шығармашылығын анықтау «Менің шығармашылық потенциалым»	Сауалнама	педагогтар	Қазан	Анықтама	Жолаушыбаева Л.А.
4	Балалардың мектепке психологиялық дайындығын диагностикалау нәтижелері бойынша тәрбиешілерге жеке кеңестер беру	Кеңес	тәрбиешілер	Қазан - сәуір	Хаттама	Жолаушыбаева Л.А.
5	«Баланың әлеуметтік желіге тәуелділігі»	Профилактикалық және ағарту	Педагогтар	Қараша	Хаттама	Жолаушыбаева Л.А.
6	Томас-Кидманның жетекші мінез құлықты анықтау әдісі жанжал жағдайында	Сауалнама	Педагогтар	Желтоқсан	Анықтама	Жолаушыбаева Л.А.
7	«Ұжымының психологиялық ахуалы»	Сауалнама	Педагогтар	қантар	Анықтама	Жолаушыбаева Л.А.
8	«Эмоционалдық күйзеліс деңгейі» диагностикасы В.В.Бойко	Диагностика	Педагогтар	сәуір	Анықтама	Жолаушыбаева Л.А.

хаттамасы № 3

Тақырыбы: Жаңа ортаға бейімделуі

Күні: 2025 жылдың 25 қыркүйек

Уақыты: 17:00

Өткізілген орны: «Раушан», «Ақжұпар» ортаңғы топтары

Жиналысты жүргізуші: Психолог Л.Жолаушыбаева

1. Кіріспе сөз

Жиналыс басталмас бұрын психолог жиналған ата-аналарға 3 жастағы баланың жаңа ортаға бейімделу процесі туралы түсінік берді. Бұл кезең бала үшін өте маңызды және қиын болуы мүмкін, себебі бала жаңа жағдайлармен таныса отырып, өз эмоциялары мен мінез-құлқын реттеуді үйренуі қажет.

2. Баланың жаңа ортаға бейімделуі

2.1. Бейімделу процесінің ерекшеліктері

- Эмоциялық дағдарыс: Жаңа ортада балада эмоциялық реакциялар (қорқыныш, мазасыздық, ашулану) пайда болуы мүмкін. Бұл табиғи процесс, себебі бала жаңа жағдайларға бейімделіп, өзін жаңа ортада қалай сезінетінін түсінуге тырысады.
- Қоршаған адамдарға сенімсіздік: Баланың жаңа адамдарға, әсіресе тәрбиешілер мен басқа балаларға сенімділігі қалыптасуы уақыт алады.
- Балада тәуелсіздікке ұмтылу: Бұл жастағы балалар тәуелсіз болуға ұмтылады, бірақ жаңа ортаға келгенде олар көп жағдайда ата-ананың немесе тәрбиешінің көмегіне мұқтаж болады.

2.2. Бейімделудің негізгі кезеңдері

- Алғашқы күндер: Баланың жаңа ортаға кіргенде эмоциялық қысым мен қорқыныш сезінуі мүмкін. Осы уақытта ата-аналар балаға толық қолдау көрсетуі тиіс.
- Ортаның өзгеруі: Бірнеше күн өткен соң бала жаңа ортаға үйрене бастайды, бірақ толық бейімделу үшін біраз уақыт қажет.
- Толық бейімделу: Қауіпсіздік сезімі пайда болып, бала жаңа жағдайларға үйрене бастайды. Бұл кезеңде балалар өздерін белсенді түрде қатысуға ынталанады.

3. Ата-аналарға ұсыныстар мен кеңестер

3.1. Баланы сабырмен және сүйіспеншілікпен қолдау

- Бала жаңа ортаға бейімделу кезінде ата-аналардан тұрақты қолдау алу өте маңызды. Баламен сөйлесіп, оның эмоцияларын түсініп, сенімділігін арттыру қажет.
- Баланың қорқынышы мен мазасыздығын жеңу үшін оны тыныштандырып, сенімділік білдіру керек.

3.2. Баламен бірге жаңа ортаға барып көріңіз

- Баланы жаңа ортаға алдын ала дайындап, онымен бірге барғаныңыз дұрыс. Осылайша, бала ортаны көріп, бұл ортамен таныса алады.

3.3. Күн тәртібін қалыптастыру

- Баланың күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру өте маңызды. Мектепке немесе балабақшаға бару алдында үйде тыныш әрі тұрақты атмосфера болуы керек.
- Орын алған өзгерістер бала үшін психологиялық стрессті жеңілдетеді.

3.4. Қысқаша қоштасу дәстүрін қалыптастыру

- Балаңызға бөлінетін уақыт өте маңызды. Одан қоштасқан кезде қысқа, бірақ сенімді сөздер айту – баланың эмоционалды күйін тұрақтандыруға көмектеседі.

3.5. Эмоционалды қолдау көрсету

- Бала жаңа ортада бейімделіп жатқанда, ата-аналар оның эмоцияларын түсініп, қабылдауға тиіс. Балада болған алаңдаушылықты бөлісу арқылы оны тыныштандырып, сенімді болуына көмектесу қажет.

4. Қорытынды

Психолог ата-аналарға жаңа ортаға бейімделу процесінде басты рөлді ата-аналардың атқаратынын ескертті. Балаға деген қолдау мен түсіністік, дұрыс бағыт-бағдар беру оның қорқыныштарын жеңуге және жаңа ортаға тез бейімделуге көмектеседі.



Жеке кеңес беру хаттамасы

Тақырыбы: 3 жастағы балалардың балабақшаға бейімделуі туралы кеңес

Өткізу күні: 11.09.2025

Қатысушы: Психолог Л.Жолаушыбасва

Тәрбиеші: Аяпбергенова И.

Күн тәртібі:

1. Балалардың балабақшаға бейімделу жағдайын талқылау.
2. Психологтың балалардың бейімделуін жеңілдету бойынша кеңестері.
3. Тәрбиешінің сұрақтары мен ұсыныстары.
4. Қорытындылау.

Жеке кеңес беру барысы:

1. Балалардың балабақшаға бейімделу жағдайын талқылау

Психолог тәрбиешімен бірге 3 жастағы балалардың бейімделу процесін талқылады. Балалар балабақшаға келіп, бірінші аптада бірнеше бейімделу қиындықтарына тап болуда. Тәрбиеші балалардың кейбірі үйден қиналып келгенін, тынышсыз болатынын, балабақшаға үйренуде уақытша қиындықтар туындайтынын айтты. Әсіресе, өз ата-аналарынан ажырату мен жаңа ортаға үйрену мәселелері жәні кездеседі.

2. Психологтың балалардың бейімделуін жеңілдету бойынша кеңестері

Психолог төмендегі кеңестерді ұсынды:

- **Қауіпсіздік сезімін арттыру:** Балалардың өзін жайлы сезінуі үшін олардың физикалық және эмоционалдық қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Балалардың қорқыныш сезімдерін жеңілдету үшін тыныш, сүйіспеншіліктен қарым-қатынас орнату.
- **Үйден балабақшаға келудің жоспарлы процесі:** Балаға балабақшаға келу процесін күні бұрын айтып, оны психологиялық тұрғыдан дайындау. Баланың күткен нәрселеріне көңіл бөлу, ойнау уақытын жоспарлау.
- **Әдеттер мен күн тәртібін сақтау:** Балалардың күн тәртібін мүмкіндігінше үйдегі сияқты ретке келтіру, ұйқы, тамақтану және ойын уақыттарын біркалыпты сақтау. Бұл балалардың бейімделуін жеңілдетеді.
- **Қолдау мен мадақтау:** Баланың әрбір дұрыс әрекетін мадақтап, оның позитивті тәжірибесін арттыру. Баланың әр қадамын қуанышпен қабылдау, оған сенім білдіру.
- **Топтық әрекеттерге бейімдеу:** Балаларды топта жұмыс істеуге, бірге ойнауға үйрету үшін ұйымдасқан ойындар мен жаттығулар жүргізу.

3. Тәрбиешінің сұрақтары мен ұсыныстары

Тәрбиеші психологтан кейбір балалардың үйден келген кезде жылап, балабақшада тынышсыз болатыны туралы сұрады. Психолог бұл жағдайдың қалыпты екенін, бірақ балаға көбірек көңіл бөліп, онымен әңгімелесу арқылы бұл жағдайды жеңуге болатынын түсіндірді. Сондай-ақ, балаларға топтағы басқа балалармен әлеуметтік қарым-қатынас жасауға көбірек мүмкіндік беру ұсынылды.

4. Қорытындылау

Кеңес соңында психолог тәрбиешіге балалардың бейімделуін жеңілдету үшін қосымша психологтың қолдауымен балабақшада психологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыруды ұсынды. Балаға бейімделу кезеңінде ата-анамен бірге жұмыс істеу маңызды екенін атап өтті.

Педагогтарға арналған сауалнама
«Менің шығармашылық потенциалым»

Анықтама № 14

Күні: 17.10.25

Қатысқандар саны: 10

Психолог: Жолмаушыбаева Л.А.

Тақырыбы: «Менің шығармашылық потенциалым»

Сауалнама сұрақтары:

1. Жаңа идеялар мен шешімдерді қаншалықты жиі ойлап табасыз?

- Жиі -80%
- кейде -20%
- сирек
- ешқашан

2. Сіз үшін шығармашылық деген не? Оны қалай сипаттар едіңіз?

Жан жақты болу

Педагогтың өзінің жаңа қырынан таныта білдіретін жеке тұлғаның қиялын дамытатын ойын өсіретін іс әрекет ☐ для меня

Жаңа идеялар, креативтілік

Шығармашылық деген- талатты, сегіз қырлы - бір сырлы

Шығармашылық - адам белсенділігінің жоғары формасы

Шығармашылық – бұл туа біткен сапа емес, бірақ оны дамытуға болатын және қажет дағды.

Үлкен терең сезім соны игере білу

Балалардың шығармашылығын дамыту

Шығармашылық - пайда болған міндеттерді өлдеқашан белгілі болған тәсілдермен шешу үшін талап етілетіндердің тысына шығатын жоғары формадағы ойлау. Ойлау процесінде үстемдік еткенде, шығармашылық елес ретінде көрінеді.

Ол, ой - қиял, шеберлік

3. Жұмысыңызды жаңашыл әдістерді қолдануға ұмтыласыз ба?

- Иә , әрдайым -100%
- Кейде
- Сирек
- Жоқ

4. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін қандай әдістерді қолданасыз?

5. Көптеген

6. Жаңа әдістерді қолданамын балалармен бірге жан-жақты зерттеу жұмысын әдісін ЕРКІН қолдана АЛАМЫН.

7. Монтессори

8. Ойын арқылы, дәстүрден тыс көрнекіліктер арқылы

9. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін тақтақтар, өлеңдер, ертегілер, сурет салу, жазғыру, мүсіндеу арқылы дамытуға болады

10. Жан жақты

11. Жаңашыл идеяларды заманауи технология

12. Жаңаша көрнекілік болғанын

5. Өзіңізді креативті тұлға ретінде бағалаңыз:

- Өте креативті- 60%
- Орташа креативті – 40%
- Аздап креативті
- Мүлдем креативті емеспін

6. Шығармашылық потенциалды арттыру үшін қандай әдістер мен іс-шараларды ұсынар едіңіз?

_____ Күнделік ұйымдастырған іс-әрекетінде қолдану

Әр педагог өзін заман талабына сай әрекет етсе екен деймін

Цифрлық технология

Дәстүрден тыс көрнекілік әдістер мен ашық қаралымдар

Креативті және шығармашылық

Баланы ойната отырып, шығармашылығын дамыту

Балаларға түсінікті және тиімді ойындар, қимылдар т. б

Өртүрлі жаңа әдіс тәсілдермен жұмыс

Жаңашыл әдістерді

Ізденпаздық

7. Қазіргі оқыту үраісінде шығармашылық рөлін қалай бағалайсыз?

- Өте маңызды-60%
- Маңызды-40%
- Аз маңызды
- Маңызсыз

8. Сіздің ойыңызша, тәрбиешінің шығармашылық потенциалы оқу процесіне қалай әсер етеді?

9. Шығармашылықты дамыту үшін өзіңізге қаншалықты уақыт бөле аласыз?

_____ Күнделікті

Жұмыстан тыс уақытта мийм новый идеялардан босамайды□

Барынша көбірек

Уақытымның көп бөлігін

Уақыт бөлемін үнемі

Әрдайым

Өте көп уақыт керек оңаша көп отыруды кажет етеді

Балалармен жұмыс жасауда

Жіі

Мүмкіндігімше

10. Шығармашылықты дамыту мақсатында педагог өз әріптесіне жаңа идеяларды жүзеге асыру үшін қандай көмек көрсете алады.

Ақыл кеңес өткізу керек.

Келіп өз ойын еркін жеткізе алған әріптесіме қолымнан келгенше көмек төсер едім. Бірақ.....□

Әдістемелік тұрғыда

Қол көмегін

Жаңа идеяларды жүзеге асыру үшін әріптестеріме шығармашылық жаңалық ойлап табуға бағытталған қабілеттер бойынша

Мотивация

Пікір алмасу және тәжірибе алмасу арқылы

Жаңа идеялармен бөлісу

Барлық

Моральдық

Жеке кеңес беру хаттамасы

Тақырыбы: Мектепалды топ балаларының психологиялық даму ерекшеліктері

Өткізу күні: 28.10.2025

Қатысушы: Тәрбиеші Мамбеткулова Э

Психолог: Л.Жолаушыбаева

Күн тәртібі:

1. Балалардың психологиялық даму жағдайын талқылау.
2. Психологиялық қиындықтарды анықтау және шешу жолдары.
3. Тәрбиешінің сұрақтары мен ұсыныстары.
4. Қорытындылау.

Жеке кеңес беру барысы:

1. Балалардың психологиялық даму жағдайын талқылау

Психолог мектепалды топтың балаларын психологиялық тұрғыдан бақылап, олардың дамуын сарптап, тәрбиешінің көмегімен әрбір баланың жеке ерекшеліктерін талқылады.

- **Жалпы жағдай:** Балалардың көпшілігі өздерін жақсы сезінеді, топтық жұмыстарға қызығушылық танытады, бірақ кейбір балаларда әлеуметтік қарым-қатынас жасау қиындықтары байқалады.
- **Жеке мәселелер:** Кейбір балаларда оқшаулану, өз-өзіне сенімсіздік, ұлшпақтық және эмоциялық тұрақсыздық байқалады. Бұл жағдайлар олардың топтық жұмыстарға қатысуына кедергі келтіреді.

2. Психологиялық қиындықтарды анықтау және шешу жолдары

Психолог тәрбиешіге балалармен жұмыс жасауда төмендегі ұсыныстарды берді:

- **Әлеуметтік дағдыларды дамыту:** Балаларға топта жұмыс істеуге көбірек мүмкіндік беру, бір-бірімен араласуға, пікірталасқа қатысуға жағдай жасау.
- **Эмоциялық тұрақтылық:** Балаларды олардың эмоцияларын тануға және басқаруға үйрету, эмоциялық ахуалдың өзгеруін бақылау. Балаларды тыныштық сәттерімен қамтамасыз ету.
- **Ұлшпақ балалармен жұмыс:** Әр балаға жеке назар аударып, өзіндік ерекшеліктеріне байланысты сенімділікті арттыру мақсатында жеке тапсырмалар беру. Баланың өзін көрсетуіне мүмкіндік беретін іс-шаралар ұйымдастыру.
- **Позитивті ынталандыру:** Балалардың жетістіктерін мақтап, олардың өзіне деген сенімін арттыру үшін жиі мадақтау мен қолдау көрсету.

3. Тәрбиешінің сұрақтары мен ұсыныстары

Тәрбиеші психологтан балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту бойынша нақты әдістер сұрады.

Психолог топтық ойындар мен ынтымақтастықты дамытуға бағытталған арнайы жаттығуларды ұсынды. Сондай-ақ, эмоционалды қолдау көрсету үшін шығармашылық жұмыстарды пайдалану туралы ұсыныс берді.

4. Қорытындылау

Кеңес барысында психолог тәрбиешіге балалардың психологиялық жағдайын жақсарту және дамыту үшін қосымша қолдау көрсету қажеттілігін атап өтті. Тәрбиеші мен психолог балалардың психоэмоционалды дамуымен белсенді жұмыс жүргізуге келісіп, бірлесіп іс-шаралар ұйымдастыруды ұсынды.

Күні: 06.11.2025

Мақсаты:

Баланың әлеуметтік желіге тәуелділігін анықтау, оның алдын алу және балаға саналы түрде әлеуметтік желілерді қолдануға көмектесу.

1. Әлеуметтік желіге тәуелділікті анықтау белгілері туралы анықтама берілді.

- Баланың әлеуметтік желіде ұзақ уақыт өткізуі (күніне 3-4 сағаттан артық).
- Сабаққа, ойындарға, және басқа да қызығушылықтарға деген ынтаның төмендеуі.
- Ұйқының бұзылуы, шаршау немесе көңіл-күйдің тұрақсыздығы.
- Әлеуметтік желіден ажырағанда мазасыздық, ашуланшақтық байқалуы.
- Достарымен, отбасымен қарым-қатынастың нашарлауы.

2. Әлеуметтік желі тәуелділігінің салдарымен таныстырылды.

- Психологиялық: өзін-өзі бағалаудың төмендеуі, мазасыздық, депрессия.
- Денсаулық: көздің шаршауы, бас ауруы, омыртқа аурулары.
- Әлеуметтік: шынайы қарым-қатынас дағдыларының төмендеуі.
- Оқу үлгерімінің төмендеуі.

3. Алдын алу және шешу жолдары

3.1. Баланың күн тәртібін ұйымдастыру

- Баламен бірге күн тәртібін құрып, әлеуметтік желіге бөлінетін уақытты шектеу (1-2 сағаттан аспау).
- Әлеуметтік желіге кірмес бұрын сабақ оқу, спортпен шұғылдану сияқты пайдалы әрекеттерді бірінші орынға қою.

3.2. Баланың қызығушылықтарын дамыту

- Баланы спорттық, шығармашылық немесе басқа да секцияларға қатыстыру.
- Әлеуметтік желіге балама болатын қызықты іс-шаралар ұйымдастыру (жорық, ойындар, кітап оқу).

3.3. Тәрбиешілер мен ата-аналардың ролі

- Балаға үлгі болу: өздері де әлеуметтік желіні шектен тыс қолданбау.
- Баламен ашық әңгімелесу: әлеуметтік желінің артықшылықтары мен кемшіліктерін талқылау.
- Баланың желідегі белсенділігін бақылау (қандай контент қарайды, кіммен сөйлеседі).

3.4. Технологияларды қолдану

- Әлеуметтік желіде уақыт шектеу қосымшаларын пайдалану.
- Баланың құрылғыларында қауіпсіздік ережелерін орнату (контент-фильтрациясы).

4. Тәрбиешілерге арналған кеңестер берілді.

1. Балалармен жеке және топтық әңгімелер өткізіп, әлеуметтік желінің әсері туралы түсіндіріңіз.
2. Балалардың қызығушылықтарын зерттеп, олардың әлеуетін ашуға көмектесіңіз.
3. Әлеуметтік желідегі қауіпсіздік ережелері бойынша тренингтер ұйымдастырыңыз.
4. Ата-аналармен тығыз байланыста болып, оларды да осы тақырыпқа қатысты ақпараттандырыңыз.

5. Қорытынды

Әлеуметтік желіге тәуелділік – қазіргі заманның өзекті мәселелерінің бірі. Баланың психологиялық және физикалық денсаулығын сақтау үшін тәрбиешілер, ата-аналар және қоғам бірігіп әрекет етуі қажет. Басты мақсат – баланың саналы түрде технологияны қолдану мәдениетін қалыптастыру.

Психолог: Жолаушыбаева Л.А.



Педагогтарға арналған сауалнама

Томат-Килман қақтығыстарды шешу тәсілдерін анықтауға арналған сауалнама

Анықтама №

Күні: 11.12.25

Қатысқан педагог саны: 5

Психолог: Жолаушыбаева Л.А.

Сауалнама сұрақтары:

1. Қақтығыс кезінде мен:
 - а) Өз мүдделерімді қорғауға тырысамын. – 80%
 - б) Қақтығысты шешуді кейінге қалдырамын. – 20%
2. Мәселені талқылау кезінде мен:
 - а) Барлық тараптардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға тырысамын. – 60%
 - б) Өз көзқарасымды қорғауға басымдық беремін. – 40%
3. Егер келіспеушілік туындаса:
 - а) Қарсы тараппен ымыраға келуге тырысамын. – 80%
 - б) Қақтығыстан аулақ боламын. – 20%
4. Қиын жағдайда мен:
 - а) Барлығына қолайлы шешім іздеймін. – 100%
 - б) Қарсы тараптың талаптарын қабылдаймын. – 0%
5. Қақтығыс кезінде мен:
 - а) Өз позициямды қорғауға тырысамын. – 80%
 - б) Мәселені талқылаудан аулақ болуға тырысамын. – 20%
6. Егер екі тараптың мүдделері сәйкес келмесе:
 - а) Барлық тараптардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға тырысамын. – 80%
 - б) Өз мүдделерімді қорғауды жалғастырамын. – 20%
7. Қақтығысты шешуде мен:
 - а) Қарсы тараппен келісімге келуге тырысамын. – 100%
 - б) Өзімнің басым мүдделерімді қорғауға тырысамын. – 0%
8. Егер келіспеушілік күшейсе:
 - а) Барлығына қолайлы шешім іздеймін. – 100%
 - б) Қақтығыстан аулақ болуға тырысамын. – 0%
9. Егер менің пікіріме қарсы шықса:
 - а) Өз көзқарасымды қорғап қалуға тырысамын. – 80%
 - б) Қарсы тараптың пікірін қабылдауға дайын боламын. – 20%
10. Қиын жағдайларда мен:
 - а) Мәселені уақытша елемей, кейінірек шешуді дұрыс көремін. – 60%
 - б) Қарсы тараптың талаптарын қабылдаймын. – 40%